

ARROWART

Ел мүддесіне адалдық жолы



Қостанай қазақ халқының қаншама ірі тұлғалары дүниеге келген киелі өңір екені тарихтан белгілі. Олардың бәрін бірдей атын атап, түсін түстеп шығу да мүмкін емес. Бүгін біз солардың бірі – артына өшпес із қалдырған Оразалы Әбілұлы Қозыбаев туралы әңгімелемекпіз. Биыл оның туғанына 100 жыл толды. Асыл азамат бүкіл ғұмырын туған елі мен Отанына адал еңбек етуге арнады. Қайраткерлігімен, іскерлігімен, батыл да нақты шешім қабылдауымен жұртшылықтың жадында қалды.

Алғашқы кездесу

Ол кезде мен облыстық «Қостанай таңы» газетінде қызмет атқаратынмын. Бір күні қазақ елін Одаққа танытқан қоғам қайраткері Оразалы аға келеді деген хабарды естігенде қуанып қалдым. Өйткені, оның атақ-даңқына бұрыннан бір кісідей қанық болатынбыз.

Орекең дәл уақытында журналистермен жүздесті. Осы кезде облыстық кеңес атқару комитетінде дін саласы бойынша жауапты маман-ды. Өзі ашық-жарқын, адам баласын жатырқау дегенді білмейтін кісі екен. Сондықтан бәрімізді баурап алды. Басшыларымыз тілшілердің бәрімен қысқаша таныстырып шықты. Менің есімім аталғанда: «Сен менің аттас інім екенсің ғой, қарағым. Өзің қай жерден боласың?», – деп сұрады. Оңтүстікте туып өскенімді, Алматыда оқығанымды қысқаша баяндадым.

Содан кейін ұлт мақтанышына айналған ағамызды талай рет кездестіріп, тағылымды әңгімелерін тыңдадым. Ол ешкімді жалықтырмайтын. Өзіл-қалжыңның да хас шебері болып шықты. Жылдар өте оның бірқатар туған-туысқандарымен де аралас-құралас болып кеттім. Біртуар қайраткер азаматтың өткен өмір жолынан да хабардар болдым.

Біз сөз еткелі отырған абыз тұлға 1924 жылы Қостанай облысына қарасты Меңдіқара ауданының Тазкөл деп аталатын елді мекенінде дүниеге келді. Жастайынан таудай талабымен қатарынан дараланып тұратын қасиеттерімен көзге түсті. Ата-анасы мен туған-туысқандарының көз қуанышына айналды.

Сонау аталарымыз бен ағаларымыз Отан үшін от кешкен соғыс жылдары майданға алынып, от пен қарша жауған оқтың бел ортасында жүрді. Сөйтін, жеңістің жақындауына батырлығы мен қайтпас қайсарлығымен үлес қосты. Туған жерге 1947 жылы оралды. Кеудесіне Қызыл Жұлдыз ордені мен бірнеше медаль тақты.

Соғыстан кейінгі жағдай белгілі. Қарап отыратын мезгіл емес. Сағалбай Жанбаев облысты басқарған жылдары оның көмекшісі болды. Құжатта техникалық қызметші деп жазылыпты. Сәкең өте талапшыл әрі әділ басшы болды. Оның екі пар атын бабында ұстап, тиісті жерге, яғни аудандар мен ауылдарға дер кезінде жеткізіп отырды. Мұның бойындағы тиянақтылықты дер кезінде байқаған ол бұған үлкен сенім артты.

Алдымен Қостанай облыстық комсомол комитетінде нұсқаушы болды. Көп өтпей тұла бойы жастық жалынға толы жігітті облыс орталығынан едәуір жерде жатқан Ұзынкөл аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы етіп жіберді. Жауапкершілік жүгін терең сезінетін азамат өзінің міндетін ұршықша иіріп алып кетті.

Сөздің орайы келгенде оның ұйымдастырушылық қабілеті назарға ілініп, сол кездегі Затобол аудандық партия комитетінің екінші хатшылығына сайланды. Артынша халық депутаттары аудандық атқару комитетінің төрағалығына бекітілді.

Торғай өңірін өркендетті

Бірқатар лауазымды қызметтерде шыңдалған Оразалы Әбілұлын 1959 жылы, Торғай өңіріндегі шешімін күтіп тұрған мәселесі көп Аманкелді ауданына бірінші хатшы етіп жіберді. Бұл кезде ол 35 жаста болатын.

Жергілікті халықтың тұрмыс жағдайымен жан-жақты танысқан соң бойындағы барлық қажыр-қайратын, жинаған тәжірибесін елдің әл-ауқатын жақсартуға жұмсады. Егер істің ретін тапса, қордаланған жайды толық жүзеге асыруға мүмкіндік бар екеніне шүбә келтірмеді.

Сол қызметте жүргенде кеңес одағы коммунистік партиясының органы болып табылатын «Правда» газетіне «Торғай шақырады» деген ашық хат жолдады. Онда бұл өңірде тың және тынайған жерлерді игеруге үндеді. Оның қажеттілігін нақты айғақтармен негіздеп, өзіндік ой-пікірін ашық білдірді.

Одақтың басты басылымына жарияланған хат жоғарыдағылар мен оқырмандарды бей-жай қалдырмады. Сонау Мәскеуден арнайы білікті де жауапты кісілерден тұратын комиссия мүшелері келіп, өзі басқарып отырған ауданның жай-жапсарымен танысты. Әрине, айту бар да оны орындау бар емес пе?.. Қазақтың намысты да жігерлі перзенті күндіз күлкіні, түнде ұйқыны ұмытты. Алайда, нақты іс өз жемісін берді. Бұл өңір гүлденін, адам танымастай күйге енді.

Содан кейін оның тағдырына қазіргі Арқалықтың негізін қалау жазыпты. Осында ауылшаруашылық өндіріс басқармасының бастығы, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалды. Торғай өңіріндегі қазба байлықтарды игеруге бастама көтерген тұлға ретінде де аты-жөні сондағы бауырларымыздың жадында қалды. Қысқа мерзімде өлкеде қаншама

кеңшарлар құрылып, ғимараттар бой көтерді. Арқалық шаһарында Торғай боксит жер асты қазыналары игерілді.

Оразалы Қозыбаев уақыт өте қызмет барысында бастан кешкен, қиындықпен бағындырылған мәселелерді арқау етіп, бірнеше құнды еңбектер жазды. Бұл орайда оның «Астық пен металл өңірінің тамаша адамдары» деп аталатын сериялық туындылардың құрастырушысы әрі авторы болғандығын ерекше атап өткен жөн.

Бұл шығармалардың қай-қайсысы да жылдам оқылады. Өйткені, онда еңбектен бақыт тапқан адамдардың тағдыры, алдына қойған биік мақсаттары, жасампаздық жолындағы тың ізденістер пен талпыныстар жатыр.

Орекеннің 1995 жылы Алматыдағы «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Тыңдағы күндер» деп аталатын кітабы да қолыма түсіп, оны асықпай оқып шықтым. 144 беттен тұратын еңбекте жұртшылық біле бермейтін қаншама деректер мен дәйектер қамтылған. Әсіресе, «Жанбаевтың жанында», «Нұртас аға», «Андрей Бородин», «Аманкелдіде», секілді тараулар кімді болсын толғандырады.

Кейіпкеріміздің Торғай өңіріндегі атқарған қызметі мен төккен маңдай тері ескеріліп, кеңес одағындағы ең жоғары әрі мәртебелі Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені қоса тапсырылды.

Жауапкершілік жүгі жоғары

Елім деп еңіреген даңқты жерлесімізді қазақ халқы мен жұрты ешқашан ұмытпайды. Ұлтымыздың біртуар ұлы, республикамызды ұзақ жылдар бойы басқарған Дінмұхамед Қонаевтың өзі оның іскерлік қырын жоғары бағалады. Торғайдан кейін Қостанай облыстық партия комитетінің екінші хатшысы ретінде де кіндік қаны тамған өңірдің заман талабына сай гүлденіп, экономикасының өркендеуіне айтарлықтай қомақты үлес қосты. Қолынан іс келетін кадрларға сенім артты. Оның шапағатымен қаншама қазақ жігіттері қызмет бабында жетістікке жетті. Алайда, сол кезеңдерде облыстық партия комитетінің тізгінін көп уақыт бойы ұстаған Андрей Бородин оның қайраткерлік, ұлтжандылық қасиеттерін, түрлі жиындарда тайсалмай, шындықты бетке айтатын нағыз батырға тән тік мінезін аса ұната қоймапты. Оразалы Әбілұлы зейнетке шыққанша Қостанаймен көршілес жатқан Ақтөбе облыстық атқару комитетінің төрағасы лауазымында да бұл аймақтағы қордаланып қалған халық мүддесінен туындайтын өзекті жайлардың шешімін табуға барын салды. Ондағы ағайындар да мұның уақытпен санаспай қызмет еткен жылдарын ерекше ықыласпен еске алып отырады. Себебі, батыл ойлы, қай мәселеде болсын өзіпдік пікірі бар, жұртшылықтың талап-тілегіне сергек қарайтын білікті тұлға қайда да құрмет пен абыройға бөленетіні ақиқат.

Ол құрметті демалыстағы жылдары өмірден көргені мен түйгенін кейінгі ізін басып келе жатқан жастарға жалықпай айтып, олардың елжанды әрі мемлекетшіл болып қалыптасуына барын салды. Ауылшаруашылық министрлігі мен басқа да беделді мекемелерде қызмет атқарды.

Әркімге туған жері ерекше ыстық емес пе?.. Өзіп алақанына салып өсірін, тұлға болуына ықпал еткен Қостанайға оралды. Мұнда жоғарыда айтып

өткеніміздей, облыстық атқару комитетінде дін істері басқармасын басқарды. Содан кейін өңірдегі Дінмұхамед Қонаев атындағы қорға жетекшілік етіп, оның мағыналы ғұмырын өскелең ұрпаққа насихаттады.

Ол ел алдындағы ерен еңбегіне орай кеудесіне қос Еңбек Қызыл Ту орденін тақты. Қостанай және Арқалық қалаларының құрметті азаматы атанды. Есімі облыс орталығындағы бір көшеге берілді. Сондай-ақ, сонау бір жылдары Арқалық және Қостанай қалаларында тұрған үйінің қабырғасына мемориалдық тақта орнатылды.

Осы аталғандармен қатар жерлесіміз жөнінде «Қозыбаев Оразалы» деп аталатын естелік кітап шығарылып, оқырмандарға жол тартты. Айтулы азамат жайлы жан-жақты білгісі келген үлкенді-кішілі қауым аталмыш еңбектен толық мағлұмат алатыны даусыз.

Жақсыдан шарапат

Туған жері үшін саналы ғұмырын арнаған қайраткер жөнінде жазуға түрткі болған белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Күзембайұлы бізге бұрын белгісіз мәліметтерді ұсынды.

Еңбек Ері Орекең осы Аманжолдың туған нағашысы. Анасы Айтжан оның қарындасы. Кезінде мұның есімін ол майданнан аман-есен оралсын деген ырыммен Аманжол деп қойыпты. Оразалы Әбілұлы – әу баста таңдаған мамандығы бойынша тарихшы. Кезінде Қостанай мұғалімдер институтын тәмәмдаған. Бертін Алматы қаласындағы жоғары партия мектебін бітірді. Ауылшаруашылық техникумында оқып, агрономдық диплом да алған. Жұртшылық үшін жасаған ізгі ниеті мен адал жұмысы зая кетпейді, бірнеше рет жоғары кеңеске депутат болып сайланды. Халық қалаулысы ретінде олардың сенімін ақтады.

Марқұм өте бауырмал еді. Жауапты қызметтерінен қолы қалт етсе, балалық шағы өткен ауылына ат басын бұрып, өмірден өткен әке-шешесінің, туған-туысқандарының зиратына барып, құран оқытатын. Ағайындарының қуанышына ортақтасатын.

Өзінен кейінгі інілерінің де өмірден өз орнын тауып, еліне пайдасын тигізетін мамандықты игеруіне, мемлекеттің нағыз жанашыры болуына септігін тигізді. Бұл орайда қазақтың ұлы тарихшысы, немере інісі Манаш Қозыбаевтың ғылым жолына түсуіне дер кезінде ақыл-кеңес берді.

– Нағашым менің анам Айтжан секілді қайсар, «Тура биде туыс жоқ» деген қағиданы берік ұстанатын, кімнің болсын кемшілігін жасырмай бетке айтатын. Ол жас кезімде агроном болғанымды қалады. Бірақ арманым тарихшы атану еді. Сондықтан Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетін аяқтадым. Ол біреуге ашуланғанымен, қайтымы тез болатын. Ешкімге кек сақтамайтын. Басында шамалы ренжігенімен, уақыт өте ғылым докторы атанғанымда арқамнан қағып, бетімнен сүйді. Осы сәттерді жер басып жүрсем сірә ұмытамын ба, – деді Аманжол аға.

Оразалы аға Аманкелді ауданының тумасы, Алматыдағы Қыздар институтының түлегі Раушан Есмағұлқызымен бас қосып, 1953 жылы жеке отау көтерді. Ел сыйлаған өнегелі шаңырақ иелері атанды.

Ынтымағы жарасқан зиялы отбасында бес бала тәрбиеленді. Тұңғыштары

Нұрлан құрылыс инженері-тін. Бір өкініштісі, ол өмірден ерте өтті. Одан кейінгі сүйікті қыздары Ғалия мен Сәния адам жанының арашашысы, яғни дәрігерлік мамандықты таңдады. Екеуі де медицина ғылымдарының кандидаты. Серік музыка саласының маманы. Шаңырақтың кенжесі Құмар жастайынан еңбекқор болып өсті. Әкесі Орекең осы ұлының болашағынан үлкен үміт күтті. Бұл оның сенімін толық ақтады. Қазір облыстағы белгілі кәсіпкер, химия ғылымдарының кандидаты. Артында қалған немерелері мен шөберелері аталары армандағандай ғұмырын жалғастырып жатыр. Олар еңбек пен оқуда өз замандастарына үлгі-өнеге көрсетіп келеді. Кейінгі ұрпақ ғибрат алатын Орекең өзгеге болсын дейтін азамат еді. Кешегі Отан үшін от кешкен соғыс ардагерлеріне құрметпен қарады. Кезінде Қостанайда бірқатар майдангерлерге пәтер алуға көмектесті. Қызметте ешкімді жақын-жуықтығына қарап көтермеді. Жігіттердің елжандылығын, білімі мен біліктілігін жоғары бағалады. Оның көпшілікке белгісіз ерекше қырларына тоқталатын болсақ, екі тілге бірдей жүйрік әрі шешен еді. Суырып салма ақындығы да бар-тын. Өнер мен мәдениет қайраткерлеріне, қолына қалам ұстаған шығармашылық адамдарына ерекше ілтипатты болды. Сауаттылығы сондай, қандай лауазымды қызметте жүрсе де баяндаманы тек өзі ғана жазатын. Тіршілікте өз ортасының көркі болды. Кез келген жиынды әзіл-қалжыңмен көтеріп тастайтын. Орекең осындай қайталанбас тұлға болатын.

Оразалы Жақсанов